


3 Ірі жоба –
ілгерілеу кепілі



4 Белкөлдін
жаңа белесі



Сыр бойы

№121 (20997) 12 тамыз, сейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

«ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ДАМУЫ – ЕЛІМІЗ ҮШІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘНІ АЙРЫҚША МІНДЕТ»

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен жасанды интеллекттің дамуы мәселелері жөнінде кеңес өтті. Кеңеске Премьер-министр Олжас Бектенов, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебаев, Үкімет мүшелері, орталық мемлекеттік органдардың жетекшілері қатысты.

Президент атап өткендей, қазір дүние жүзінде жасанды интеллекттің қарқынды дамуына байланысты сипаты мүлде жаңа технологиялық өзгерістер болып жатыр. Бұл технология әлемдегі барлық елдің дамуына тікелей әсер етуде. Қазір онсыз жаһандық бәсекеге төтеп беру мүмкін емес.

– Озық технологиялар ұлт дербестігінің кепіліне, экономикалық өсімнің қозғаушы күшіне айналуға. Біз жасанды интеллект саласында бірқатар жетістікке қол жеткіздік, бірақ босануға болмайды. Осы стратегиялық бағытта табанды жұмыс істеуіміз керек. Бұл жұмысқа мен ең маңызды басымдықтың бірі ретінде қараймын. Біріккен Ұлттар Ұйымының Сауда және даму жөніндегі конференциясының (UNCTAD) болжамы бойынша 2033 жылға қарай жасанды интеллект нарығының ауқымы 4,8 триллион долларға жетуі мүмкін. Ал оның ғаламдық технологиялық индустриядағы үлесі 7 пайыздан 29 пайызға дейін артады. Бұл, әрине, теңдесі жоқ өсім болмақ. Жасанды интеллект дамудың жаңа мүмкіндіктеріне кенінен жол ашады, – деді Мемлекет басшысы.



Сондай-ақ Президент қазір бұл салада бәсеке күшейгенін атап өтті.

– Биыл шілде айында АҚШ Президенті Дональд Трамптың Әкімшілігі «America's AI Action Plan» стратегиясын

АҚШ-тың технология, экономика және қорғаныс салаларында көшбасшы ел болып тұруына қажетті аса маңызды құрал ретінде қаралған. Мамандарымыз осы және басқа да құжаттарды

мүқият зерделеп, нақты қорытынды жасауы керек. Ал Қытай Жасанды интеллект саласындағы ынтымақтастықты дамыту жөніндегі жаһандық ұйым құру туралы бастама көтерді. Мақсат – жасанды интеллектті басқаруға арналған көпжақты тәсілдерді ілгерілету, сондай-ақ цифрлық алшақтықты жою, жасанды интеллектті тұрақты қолдану және оны пайдалану этикасын қалыптастыру. Қытайдың мұндай ұйым құру туралы ұсынысын қолдау керек деп ойлаймын. Дайындық іс-шараларына атсалысу қажет. Бұл – еліміздің мүддесі. Қазақстанның негізгі мақсаты – Еуразиядағы цифрлық хабқа айналу. Ол үшін нақты іске көшу керек, – деді Мемлекет басшысы. Бұл ретте Президент әр мәселеге жүйелі түрде қарап, батыл шешімдер қабылдап, оның орындалуын қатаң бақылауға алу қажет деп нақтылады.

– Мен бұған дейін бірінғай ұлттық цифрлық экожүйе құру ісін тездету туралы айттым. Қажетті инфрақұрылымды дайындап, заңнамалық негіз бен мәліметтерді жинау жүйесін әзірлеп, жасанды интеллектті енгізу жұмысын бастауды тапсырдым. Бірақ бұл тапсырмалардың орындалу барысы мз емес, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жасанды интеллект барлық саланың қозғаушы күші болуға тиіс. Президенттің пікірінше, ЖИ – еліміздің инновациялық дамуының, цифрлық дербестігінің тірегі.

2-бет



АБАЙ МҰРАСЫ – АЛТЫН ҚАЗЫНА

10 тамыз – қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбайұлының туған күні. Бұл күн 2020 жылы елімізде ресми түрде Абай күні ретінде бекітілген. Ақынның 180 жылдығы қарсаңында Семей өңірінде жарияланған онкүндік іс-шаралар легі туған жері Абай ауданында қорытындыланды.

Абай күніне арналған салтанатты жиынға Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев бастаған делегация, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы, халық жазушысы Төлен Әбдік, Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлқенов, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрмбет Сақтағанов, сонымен қатар Сыр өңірінің делегациясы қатысты.

Мерейтой барысында Сенат төрағасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді. Президент құттықтауында Абай – төл мәдениетімізді дамытуға өлшеусіз үлес қосқан әлемдік деңгейдегі кемеңгер тұлға, халқымыздың санасезімін жаңғыртқан ұлы ақын екені айтылған.

«Ол жаңа әдебиетіміздің негізін қалап, дүниетамымыздың көкжиегін кеңейтті. Өскелең ұрпақты білімпаз, еңбекқор, адал азамат болуға шақырып, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыратын қасиеттерді кенінен дәріптеді. Отанға деген сүйіспеншіліктің және ел мүддесі үшін қалтқысыз қызмет етудің озық үлгісін көрсетті. Хәкім Абайдың мол мұрасы – қазақ халқының ғана емес, барша адамзаттың онеге алатын асыл қазынасы. Оның ой-толғаулары мен өсиеттерінің өзектілігі ешқашан жоғалмайды. Сондықтан Абайды тану және таныту, шығармашылығын терең зерделеу өте маңызды» делінген құттықтау мәтінінде.

3-бет

БОЛАШАҚ ЖАСАМПАЗ ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада халықаралық пән олимпиадаларының жеңімпаздары және жүлдегерлерімен кездесті. Іс-шараға 24 лауреат, атап айтқанда, 4 алтын, 11 күміс және 9 қола медаль иегері шақырылды. Оқушылар химия, математика, физика, география, информатика және биология пәндерінен үздік нәтиже көрсеткен.

Президент жастарды, ең алдымен, білім әлеміндегі жеңістерімен құттықтап, шынайы ризашылығын білдірді. Олардың халықаралық беделді білім сайыстарында топ жарып, Қазақстанның атын әлемге паш етуін зор жетістік ретінде бағалады.



– Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығу, әлемдік жарыста жеңіске жету оңай емес. Білімге деген ұмтылыстың, нағыз еңбекқорлық пен табанды іс-әрекеттің арқасында осындай биікке шығып жатсыздар. Расында, дарынға ие болу, бұл – бақыт. Бірақ жай ғана еңбексіз дарын жетістіктің кепілі бола алмайды. Дарынның көзін ашу керек және оны толығымен пайдалана білу қажет. Әр жеңіс, әр медаль тынымсыз ізденіспен, маңдай термен, үздіксіз дайындықпен келеді, – деді Мемлекет басшысы.

Президент шәкірт қабылетін ұштаған ұлағатты ұстаздар мемлекеттік марапатқа лайық екенін жеткізіп, озық ойлы ұрпақ тәрбиелеген ата-аналарға алғыс айтты. Қазақстанның болашағы – жасампаз жастардың қолында екеніне назар аударып, ұл-қыздарымыз әрдайым үздіктер қатарынан табылатынын атап өтті.

– Жастарымыз жаһандық спорт және өнер додаларында жеңімпаз атанып, туымызды көкте желбіретіп жүр. Білім саласындағы беделіміз де артып келе жатыр. Былтырдан

бері оқушыларымыз 30-дан астам халықаралық олимпиада мен ғылыми жарысқа қатысып, мыңға жуық медаль алды. Оның 200-ге жуығы – алтын, 300-ден астамы – күміс, ал 500-ге жуығы – қола медаль. Бұл тамаша көрсеткіш Қазақстандағы білім сапасының деңгейі жоғары екенін көрсетеді. Тағы да қайталап айтамын, біз әлемдік жарыста ел намысын қорғаған әр жеңімпазды мақтан тұтамыз. Сіздерді еліміздің беткеуістар, лайықты азаматтары деп санаймын. Болашақта да Қазақстанның одан әрі дамуына қомақты үлес қосатындарыңызға кәміл сенемін, – деді Президент.

Сондай-ақ Президент жастарға барынша жағдай жасау мемлекеттің басты міндетінің бірі екеніне тоқталды. Бұл бағытта ауқымды іс атқарылып жатыр. Бірақ негізгі жұмыс әлі алда.

– Қазіргі таңда еліміздің әр аймағында заманауи үлгідегі «Келешек мектептері» ашылуға. Мұғалім мәртебесін көтеруге баса мән беріліп жатыр. Ғылым жолына түскен жастарға жан-жақты қолдау көрсетілуде.

2-бет

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

САПА МЕН МЕРЗІМ: МӘСЕЛЕ ТУЫНДАМАУЫ ТИІС

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өңірдегі құрылыс нысандарындағы жұмыс барысы сараланған жиын өтті. Оған облыстық маспихат төрағасы Мұрат Тілеуімбаев, қала әкімі, жауапты сала мен құрылыс мекемелерінің басшылары қатысты деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Аймақ басшысы бірінші кезекте құрылыс сапасын қатаң бақылауда ұстап, нысандарды уақытылы пайдалануға беру керектігін айтты.

– Жаңадан пайдалануға берілетін нысандардың өңіріміз үшін маңызы зор. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясындағы мектептердің, 11 мың орындық жаңа стадион мен тұрғын үйлердің сапасына, мерзіміне қатысты ешқандай мәселе туындамауы тиіс. Құрал-жабдықтары, жан-жағының абаттандырылуы толық дайын болуы керек, – деді облыс әкімі.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облысымызда 2023 жылдан бері 6 900 орындық 10 мектептің құрылысы жүргізіліп, пайдалануға берілуде. Қызылорда облысында 6 мектеп ашылып, жұмысын бастады. Қалған 4 мектептің 3-еуі (Қызылорда қаласы «Арай» ш/а 1500 орындық, «Қызылжарма» ш/а 600 орындық және Арал ауданы «Сексеуіл» кентіндегі 300 орындық мектеп) жаңа оқу жылына дейін, ал 1 мектеп (Қызылорда қаласы «СПМК-70» ш/а 1500 орындық мектеп) екінші тоқсанға дейін ел игілігіне табысталады деп күтілуде.

Қызылорда қаласында 11000 орынға арналған стадион қыркүйек айында пайдалануға беріледі. Стадион



Суретті түсірген: Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

жанында 1000 орындық автотұрақ алаңы, 40 орындық VIP, 4 автобуска арналған автотұрақ, жылу қазандығы, жалпы қажеттілікке сай барлық орындар жасакталатын болады.

Биыл Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында жергілікті атқарушы органдарда тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарды баспанамен қамтамасыз ету мақсатында жеке құрылыс салушылардан 3022 дайын

жаңа пәтер сатып алу жоспарланған. Жыл басынан бері Қызылорда қаласында 136 пәтер сатып алынды. Тамыз айының соңына дейін Сырдария өзенінің сол жағалауында «Сәт-Сервис» ЖШС салған 75 пәтерлік 1 тұрғын үйдің, «Ер-Ару и К» ЖШС салған 220 пәтерлік 3 тұрғын үйдің, «Мелиоратор» ЖШС салған 280 пәтерлік 7 тұрғын үйдің құрылысы аяқталады.

«СБ» ақпарат

ТҮЛЕКТЕРДІҢ 72 ПАЙЫЗЫ – ГРАНТ ИЕГЕРІ

Облыс бойынша 2024-2025 оқу жылында 11-сыныпты 9549 түлек аяқтады. Оның ішінде 756 оқушы «Алтын белгі», 1028 оқушы «Үздік аттестат» иеленді. Мектеп бітіруші түлектердің 8402-сі, яғни 88 пайызы ҰБТ-ға қатысып, орташа балл 88,6-ны құрады. Оның ішінде 100 және одан жоғары балл жинаған бітірушілер саны – 1398.

Айта кетейік, биыл аймақтағы ең жоғары балл – 138, оны 2 түлек иеленген. Бірі – Бақдәулет Сұлтанбеков, Қармақшы ауданы, Төрөбай би ауылы, №199 орта мектебі, екіншісі Мәди Жәнібеков – Қармақшы ауданы, Байқоңыр қаласы №277 мектеп-лицейінің түлегі.

Мемлекеттік грант конкурсына қатысқандар саны – 6867. Нәтиже көрсеткендей, биыл мемлекеттік грант иегерлерінің саны – 4960 немесе 72,2 пайызды құрап, өткен жылмен салыстырғанда 208-ге артты.

Мамандықтар бойынша талдайтын болсақ, педагогикалық бағыттағы мамандықтарға – 1610 (32,4%), медициналық мамандықтарға – 438 (8,8%), техникалық бағытқа – 1 309 (26,4%), ауыл шаруашылығы мамандықтарына – 517 (10,4%), басқа да мамандықтар бойынша – 1 086 (22%) түлек грант иегері атанып отыр.

Тағы бір назар аударарлық көрсеткіш, 2024-2025 оқу жылының қорытындысы бойынша 695 түлек «Алтын белгі» иеленген болса, оның

ішінде 687-сі ҰБТ-ға қатысып, 267-сі яғни, 42,2 пайызы педагогикалық бағыттағы мамандықтарға оқуға қабылданды. Сондай-ақ «Алтын белгі» иегерлерінің 116-сы медициналық мамандықтар, 77-сі техникалық бағыттағы мамандықтар бойынша грант иегері атанды.

Айта кетейік, жоғары оқу орындарына түрлі деңгейдегі жергілікті әкімдіктерден және ЖОО-дан бөлінетін, шетелдік оқу орнының гранттары бойынша оқуға қабылдау осы жылдың 25 тамызына дейін жүргізіледі. Осыған сәйкес грант иеленген түлектер саны әлі де артатын болады.

«СБ» ақпарат

Валюта бағамы: \$ 539,49 kzt

€ 627,70 kzt

₸ 6,75 kzt

Ауа райы: Сейсенбі

+33°

+19°

Сәрсенбі

+35°

+20°

«ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ДАМУ – ЕЛІМІЗ ҮШІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘНІ АЙРЫҚША МІНДЕТ»



– Алдағы бес жылдың ішінде Қазақстан цифрлық мемлекетке айналуы керек. Бұл – айқын әрі өзгермейтін мақсат. Себебі, біз жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін толық пайдаланатын ел болуымыз қажет. Осы биік мақсатқа жету үшін стратегиялық бағдарымызды айқындап алған жөн. Әрбір қадамды мұқият ойластырып, алдын ала шұғыл шаралар қабылдауымыз керек. Қазір мемлекеттің цифрлық саясатқа қатысты ұстанымдарын қайта қарайтын кез келді. Жаһандық технологиялық бәсеке күшейіп, жасанды интеллекттің дамуы қарқын алған кезеңде бізге жан-жақты әрі жүйелі әрекет етуге мүмкіндік беретін кешенді бағдарлама керек. Үкімет, Стратегиялық жоспарлау агенттігімен бірлесіп, жасанды интеллекттің дамуы және еліміздің цифрлық трансформациясы туралы жүйелі құжат әзірлеуге тиіс. Бұл іске халықаралық компаниялар мен беделді сарапшыларды тарту қажет. Құжат прагматикалық тұрғыдан барынша жетік, айқын әрі алдағы жұмысымыздың бағыт-бағдары ретінде қажет етуге тиіс. Онда жасанды интеллекттің дамуы және қолданудың барлық аспектісіне қатысты кешенді шаралар қамтылуы қажет. Ол экономика мен мемлекеттік секторға аталған технологияны енгізу тұрғысынан нақты әрі түсінікті болуға тиіс. Құжаттың міндеті – еліміздің бәсекеге қабілетін арттыруға және жаңа индустрияларды құруға ықпал ету. Сонымен қатар жаппай оқыту бағдарламалары мен кадрларға сұранысты бойлау арқылы еңбек нарығындағы трансформацияны басқаруға назар аударған жөн, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттің цифрлық саясатына арқау болатын тоғыз басым бағытқа жеке-жеке тоқталды.

– Бірінші. Жасанды интеллекттің экономиканың нақты секторына енгізілді қолға алу қажет. Бұл – күрделі, бірақ өмірлік маңызы бар міндет. Өйткені экономиканы түбегейлі жаңғыртуға, еңбек өнімділігін арттыруға септігін тигізеді. Ол үшін, ең алдымен, ірі кәсіпорындармен ықпалдастықты жолға қойған жөн. Үкімет «Самұрық-Қазына» қорымен бірге жыл соңына дейін жасанды интеллекттің өндірістік үдерістерге енгізіп, экономикалық тиімділігін көрсететін нақты үлгілер ұсынуға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ мемлекетті басқару саласын одан әрі цифрландыру ісін екінші басымдық ретінде атады. Президент пікірінше, жасанды интеллект мемлекеттік органдардың жұмыс тиімділігін арттырады. Бұл – анық нәрсес.

– Қазір ChatGPT қағидатымен жұмыс істейтін кейбір жобалар енгізіліп жатыр. Бұл тәсілдер азаматтардың өтініштеріне жауап беруге септігін тигізуде. Дегенмен мұны алдағы үлкен жұмыстың алғашқы қадамы ғана деуге болады. Озық технологияның әлеуеті бұдан әлдеқайда жоғары. Жасанды интеллект мемлекеттік аппараттың жұмысын мейлінше жеңілдетуі керек. Бұл – өте маңызды міндет. Қазақстанда қызметтердің басым бөлігі әлі де «цифрлық фиксация» күйінде. Яғни құжаттар электронды түрде беріледі, өңделеді, бірақ рәсімдеудің өзі мемлекеттік қызметшінің араласуын талап етеді. Шын мәнінде, бұл – қағаз жүзіндегі бюрократияны цифрлық форматқа көшіру ғана. Бұдан тиімділік еш артқан жоқ. Біз жасанды интеллекттің қолданып, қандай қызметтерді толық өзгертуге болатынын нақты айқындап алуымыз керек. Ал одан босаған ресурстарды басқа да күрделі әрі пайдалы жұмыстарға жұмсауға болады. Сондықтан Үкімет үш айдың ішінде мемлекеттік қызмет көрсету саласына жасанды интеллекттің енгізу бойынша нақты шаралар әзірлеуі керек. Әсіресе, өтініштерді қарау және шешім қабылдау жұмысында кеңінен пай-

даланған жөн. Бізге тұтас мемлекеттік басқару жүйесінде қолдануға болатын нақты тетіктер өте қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы денсаулық сақтау саласында жасанды интеллект технологиясын пайдаланудың маңызына назар аударды. Медицина саласында ауқымды ақпарат жинақталған. Жасанды интеллект көмегімен олардың негізінде дұрыс диагноз қоюға, ем-шара тағайындауға және науқастарға мониторинг жүргізуге арналған құралдар дайындауға болады. Осындай пікір келтірген Президент әлемде дәрігерлерді күнделікті бірсарынды жұмыстан босатып, олардың маңызды клиникалық шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін технологиялар белсенді қолданылатынын, Қазақстанда да перспективті медициналық стартаптар барын, әйтсе де бюрократия олардың әлеуетін шектеп отырғанын шегелей түсті.

– Бір жағынан еліміздегі медициналық ақпарат жүйелерінде біртұтас алгоритм жоқ, әрқайсысы дербес дамып жатыр. Бұл жасанды интеллекттің медицина саласына енгізілуін тежейді. Денсаулық сақтау саласын цифрландыру ісіндегі жүйесіздік түрлі заңбұзушылықтарға жол береді. Мысалы, былтыр әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аудит жүргізілді. Сол кезде қомақты қаражаттың шығын болғаны анықталды. Цифрлық тәсілдер медицина саласының ашық және тиімді қызмет етуіне ықпал етеді, – деді Президент.

Сонымен қатар жасанды интеллект саласын реттеу тетіктерін жетілдіруді тағы бір маңызды міндет ретінде айқындап, бүкіл әлемде жасанды интеллектті пайдаланудың құқықтық негізі белсенді қалыптасып жатқанын айтты.

– Еуропа Одағы, АҚШ, Қытай және Канада қауіп-қатерлер мен ықтимал мүмкіндіктерді ескере отырып, саланы реттеудің төл моделін жасақтауға кірісті. Қазақстан да өзінің нормативтік базасын қалыптастыруға тиіс. Осы орайда, озық халықаралық тәжірибеге сүйенген жөн. Ұлттық басымдықтар басты назарда болуға тиіс. Жалпы, жасанды интеллект туралы тиісті заңды қабылдау – шұғыл міндет. Оны орындауға Үкімет баса мән беруі керек. Құжатта инновация, жауапкершілік, қауіпсіздік мәселелері тең дәрежеде ескерілуі керек. Сондай-ақ азаматтардың құқығын, кәсіпкерлердің мүддесін қорғау ісіне мән берілуі қажет. Заң жасанды интеллекттің дамытуға бөгет болмауға тиіс. Ереженің бәрі айқын әрі түсінікті болғаны жөн. Яғни инвестиция тартуға және технологияларды енгізуге барынша қолайлы заң әзірлеу қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Президент цифрлық инфрақұрылымды дамытудың маңызына назар аударып, Үкімет мүшелеріне ABCDE моделі (AI, Big data, Cloud, Data Centers, Education) негізінде ұлттық цифрлық ландшафт құрылымын қайта қарау туралы тапсырма берілгенін еске салды.

– Біз жақында Орталық Азиядағы ең ірі суперкомпьютер кластерін іске қостық. Енді оны іс жүзінде қадеге жаратуымыз қажет. Бірақ маз болып, босануға болмайды. Тиісті жұмыс әлі алда. Есептеу ресурстары баршаға бірдей қолжетімді болуы керек. Суперкомпьютердің мүмкіндіктерін толық пайдалану қажет. Осыған орай Үкіметке суперкомпьютердің қуатын әділ бөлу ережесін әзірлеуді тапсырамын. Келешегі зор стартаптар мен ұлттық маңызы бар жобаларға басымдық беру керек. Сонымен қатар шапшаңдық мемлекеттік ақпарат жүйелерін ретке келтіру жұмыстарын күшейту қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы ретте бүкіл мемлекеттік және квазимемлекеттік цифрлық экожүйені – біртұтас платформаға көшіруді тапсырды.

– Мұндай тәсіл түпкілікті интеграцияны, архитектуралық үйлесімділікті қамтамасыз етіп, артық шығынды болдырмайды және то-

лықканды деректер массивін қалыптастырады. Биыл шілде айында QazTech ұлттық цифрлық платформасы өнеркәсіптік пайдалануға берілді. Ол бүкіл цифрлық әзірленім процесстерін орталықтандырып, оларды енгізу уақытын қысқартады. Платформаны жаппай қолданасына енгізу мақсатында 2026 жылдың қаңтарынан бастап QazTech-тен тыс жаңа ақпараттық жүйелерді құруға мораторий енгізіледі. Әрбір жағдай бойынша шешімді Цифрландыру жөніндегі комиссия қабылдауға тиіс. Үкімет 2026 жылы бірінші тоқсанның соңына дейін QazTech платформасының толық ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету процедурасын аяқтауы керек, – деп нақтылай түсті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Деректерді басқару тиімділігін арттыру, киберқауіпсіздікті қүшейту мәселелері де назардан тыс қалмады. Президент атап өткендей, жасанды интеллекттің дамуымен қауіп-қатердің мүлдем жаңа түрлері пайда болды. Үйреніштікі әрекет ету механизмдері оған бейімделіп үлгермей жатыр. Нейрожелілер көмегімен адамның биометриялық көшірмесі жасалатынын, дауысын, бет-әлпетін, тіпті мінез-құлқын айнытпай салуға болатынын бәрі көріп отыр. Бұл азаматтардың жеке мәліметі мен банк есепшоттарына қол жеткізуге, қоғамдық пікірді бұрмалайтын жалған бейнероликтер жасауға мүмкіндік береді.

Осы ретте Мемлекет басшысы ақпараттық жүйелердің осал тұстарына тоқталды.

– Жыл басынан бері деректердің қолды болуына байланысты 40-тан астам факті тіркелді. Ең ірі оқиға маусым айында болды. Мұндай инциденттердің басым бөлігі жеке секторда орын алады. Бірақ мемлекет еліміздегі цифрлық қауіпсіздіктің жалпы деңгейіне толық жауап беруге міндетті. Киберқауіпсіздік саласындағы бүгінгі ахуал құзыреттердің дұрыс бөлінеуі және шапшаңдылығы салдарынан күрделеніп отыр. Бір жағынан ақпараттық қауіпсіздікке Цифрлық даму министрлігі құрамындағы Ақпараттық қауіпсіздік комитеті мониторинг жүргізеді. Екінші жағынан қауіпсіздік талаптары бойынша техникалық сынақтар жүргізу және сертификаттау Ұлттық қауіпсіздік комитетіне бағынышты Мемлекеттік техникалық қызмет құрылында. Бірыңғай басқару вертикалінің болмауы және функциялардың қайталануы мемлекеттік органдардың киберқауіпке қарсы баяу әрекет етуіне себеп болады. Бұл жағдайды тез арада түзеу керек, – деді Президент.

Сондай-ақ қорғалған коммуникацияны қамтамасыз ету тағы бір маңызды міндет ретінде аталды.

– Қазіргі кезде іскерлік және қызмет бабындағы байланыстың, соның ішінде азаматтардың жеке деректерін беру үдерісінің басым бөлігі халықаралық мессенджерлер арқылы жүзеге асады. Бұл платформаларда жеке сәйкестендіру нөмірін, азаматтардың денсаулығы туралы мәліметті және басқа да деректерді жиі сұрайды. Мұндай тәжірибе жеке мәліметтерді қорғау туралы занамаға қайшы және ұлттық юрисдикциядан тысқары жерге деректердің тарап кетуіне әкеліп соғады. Қазақстанда отандық Aitu мессенджері әзірленді. Ол тиісті қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз ете алады. Үкімет жеке деректерді қолданатын барлық коммуникацияны қорғалған ұлттық мессенджерге көшіру мәселесін пысықтауы керек, – деп толықтырды Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өскелең ұрпақ жасанды интеллектті дұрыс қолдана білуі керек. Мұның маңызы екенін ескерген Президент елімізде жүргізіліп жатқан цифрлық бетбұрыстың негізгі шарты десек болады деді.

– Біз қазірдің өзінде «AI-Sana» оқыту бағдарламасын жүзеге асырып жатырмыз. Жобаның мақсаты – студенттердің жасанды интеллект саласындағы дағдысын жетілдіру.

Бұл бағдарламаның ауқымын барынша кеңейте түскен абзал. Ұстаздар мен оқушылардың жасанды интеллект саласындағы білімін жетілдіру үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет. Бұл – тиісті министрліктің алдында тұрған маңызды міндет, – деді Президент.

Мұнан бөлек инвестиция мен дарын иелеріне қолайлы жағдай жасаудың маңызы айтылды.

– Өткен жылы жасанды интеллект саласындағы стартаптарға дүние жүзі бойынша 100 миллиард долларға жуық инвестиция салынды. Бұл – әлемдегі венчурлық қаражаттың үштен бір бөлігінен асып түседі. 2023 жылмен салыстырғанда ЖИ жобаларын қаржыландыру шамамен 80 пайызға артты. Осылайша жасанды интеллект саласындағы таланттар мен идеяларға бәсеке күрт өсті. Бүгінде негізгі инвестиция ағынын АҚШ, Еуропа Одағы елдері және Қытай қамтамасыз етіп отыр. Бірақ бұл қаржы қалыптасқан экожүйе бар жерге бағытталды. Яғни инфрақұрылымға қолжетімділікті қамтамасыз етуге, қолдауға, нарықты реттеуге және дамытуға жұмсалды. Ақша жағдай жасалған жерге келеді. Бір ай бұрын мен ЖИ саласындағы бірқатар қазақстандық стартаппен таныстым. Олардың кейбірі әлемдік деңгейге шыға алады. Дарынды жастарымыздың бар екені қуантады. Олардың біразы шетелде жұмыс істесе де, отаншылдық сезімін жоғалтпаған. Мемлекет мұндай талант иелерін қолдауға міндетті, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Үкіметке отандық стартаптардың экспортқа шығуына қолдау көрсету үшін кешенді шаралар әзірлеу, сондай-ақ «цифрлық елшілер» институтын қайта қарау міндеті жүктелді.

– Біздің міндетіміз – қарым-қабілеті жоғары жастарға қолайлы инновациялық экожүйе қалыптастыру. Жалпы айтқанда, оларға барлық жағдайды жасау, қол ұшын беру. Сондай-ақ тың бастамаларды жедел жүзеге асыруға ықпал ететін құрылымдар мен зерттеу орталықтарын ашу керек. Цифрлық технология саласындағы халықаралық байланыстарды нығайта түскен жөн. Сонда ғана Қазақстан Еуразияның цифрлық хабы ретінде танылмақ. Жасанды интеллекттің дамыту – еліміз үшін стратегиялық мәні айрықша міндет. Бұл міндет Қазақстанның болашағымен тікелей байланысты. Еліміз міндетті түрде озық, дамыған болуы қажет. Сондықтан бұл мәселе менің жеке бақылауымда болады. Бүгінгі жылда бірқатар маңызды міндеттерді айқындадық. Барлық мемлекеттік органдар мен мекемелер бірлесіп жұмыс істеуі керек. Бұл жұмысқа жеке сектор өкілдерін де қосу керек. Себебі, бұл – жалпыұлттық мақсат. Цифрлық даму министрлігі басты үйлестіруші орган ретінде өзара байланысты қамтамасыз етуге тиіс. Уақыт өте тығыз, тоқмәйілісп отыруға болмайды. Жасанды интеллектке қатысты негізгі шешімдер мен ұсыныстарды екі айдың ішінде дайындап, маған көрсету қажет, – деп қорытындылады сөзін Мемлекет басшысы.

Кенесте Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Ішкі істер министрі Ержан Сәденов баяндама жасады. Талқылауға Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев, Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр, Премьер-министрдің орынбасарлары Ермек Көшербаев пен Қанат Бозымбаев, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әліназарова, Астана қаласының әкімі Женис Қасымбек, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбай қатысты.

Қ.ӘБШ

/// ПІКІР-ПАЙЫМ

ИГІЛІГІН КӨРЕТІН КЕЗ КЕЛДІ

Президент денсаулық сақтау саласында жасанды интеллект технологиясын пайдаланудың маңызына назар аударды. Медицина саласында ауқымды ақпарат жинақталған. Жасанды интеллект көмегімен олардың негізінде дұрыс диагноз қоюға, ем-шара тағайындауға және науқастарға мониторинг жүргізуге арналған құралдар дайындауға болады.

– Әлемде дәрігерлерді күнделікті бірсарынды жұмыстан босатып, олардың маңызды клиникалық шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін технологиялар белсенді қолданылады. Қазақстанда да перспективті медициналық стартаптар бар. Алайда бюрократия олардың әлеуетін шектеп отыр. Бір жағынан еліміздегі медициналық ақпарат жүйелерінде біртұтас алгоритм жоқ, әрқайсысы дербес дамып жатыр. Бұл жасанды интеллекттің медицина саласына енгізілуін тежейді, – деді Президент.

Мемлекет басшысының бұл сөзінің жаны бар. Әлем күннен күнге дамып жатыр, оның ішінде медицина саласы көз іліспес жылдамдықта жетіледі. Салаға қажетті құрылғылар жыл өткен сайын жаңарып, озық үлгідегі жаңа технологиялар қолданысқа енуле. Соған сәйкес емдеу тәсілдері, ота түрлері де жаңаруда. Бүгінде Chat GPT қызметін мектептегі оқушыдан бастап пайдалануда. Дамыған елдерде роботтар қызмет көрсетіп, жүргізушісі жоқ көліктер адам игілігіне қызмет етуде. Осы орайда жасанды интеллект игілігін көретін уақыт бізге де келді деп ойлаймын.

Нұрдин ӘМИТОВ,
қалалық көпбейіміз ауруханасы
бас дәрігері

ИНСТИТУТТЫҢ ҮЛЕСІ АЗ БОЛМАЙДЫ

Бүгінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіндегі Жасанды интеллект институтының білім ордасының бір бөлігі ретінде Президент бастамаларына тікелей үлес қосуға мүмкіндігі бар.

Мәселен, институт мемлекеттік қызметтерге арналған GovTech жобаларын әзірлеуге қабілетті. Аймақтық медициналық ұйымдармен бірлесіп, ЖИ негізіндегі денсаулық сақтау пилоттарын іске қосып, киберқауіпсіздік, деректерді қорғау және ЖИ этикасы саласындағы ғылыми әлеуеті ұлттық деңгейде сұранысқа ие бола алады. Сондай-ақ SeoulTech-пен әріптестік біздің халықаралық зерттеулерімізді күшейтеді. Бірлескен зертханалар мен студент алмасу бағдарламалары ұлттық ЖИ стратегиясына сай келсе, LUPIC жобасы аясында алынған тәжірибе жаңа бағыттарды іске асыруға негіз болады. Қорқыт ата университетінің аймақтық ролі, SeoulTech-тің технологиялық тәжірибесі және институттың кадрлық әлеуеті үйлесіп, ЖИ экожүйесіне нақты үлес қоспақ. Бұл бағыттағы белсенді жұмыс институттың беделін арттырады және Президент атап өткен ұлттық мақсаттарға сәйкес келеді. Сондықтан Мемлекет басшысының кенесте айтылған әрбір тапсырмасын жүзеге асыруға дайынбыз. Сондай-ақ ЖИ-ді барынша тиімді, жасы жағынан пайдалану біліміміз қажет. Ол үшін білім мен ғылымды қатар игеріп, әрдайым технологияның алдында жүруге тиіспіз.

Нұрлан ҚҰЛЫМЫРЗАЕВ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университеті,
Жасанды интеллект
институтының директоры

БОЛАШАҚ ЖАСАМПАЗ ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Бұл ретте «Болашақ» халықаралық стипендиясы тиімді рөл атқаруда. Жоба аясында мыңдаған жас азамат әлемнің озық университеттері мен зерттеу орталықтарында білім алды. Бүгінде олардың көбі елімізді өркендетуге мол үлес қосуда. Алдымызда тұрған міндет – осы стипендияға нағыз қабілетті, дарынды балаларды іріктеу. Кездейсоқ адамдарды қосуға болмайды. Сондықтан келесі жылдан бастап халықаралық олимпиада жеңімпаздарын «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқуға жіберу туралы шешім қабылданды. Осылайша, біз дарынды әрі талапты жастарға жан-жақты қолдау көрсете береміз, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, халықаралық беделді олимпиадалардағы жастардың жетістіктері ұлтымыздың зияткерлік қуаты мен өскелең ұрпақтың зор әлеуетін танытады.

– Елімізге ғалымдар, инженерлер, педагогтер, дәрігерлер мен басқа да жоғары білікті мамандар қажет. Әсіресе, жасанды



интеллект саласындағы мамандар айрықша сұранысқа ие болады. Инновация мен жоғары технологиялар негізінде еліміздің алдағы даму кезеңдерінің берік іргетасын қалап жатырмыз. «Росатом» компаниясымен бірге салынатын алғашқы атом электр стансасы стратегиялық маңызға ие. Бірер күн бұрын оның құрылысы ресми түрде басталды. АЭС энергетика нысаны ғана емес, ғылыми-техникалық прогрестің жарқын символы болуға тиіс. Өзірге оның атауы жоқ. Бұл еліміздегі тұңғыш станса болғандықтан, халық арасында үздік атау жөнінде байқау жариялауға болады деп санаймын. Осы сайысқа қатысып, шығармашылық қарымдарыңызды көрсетуге шақырамын. Бәлкім, шешім қабылдаған кезде Сіздердің де ұсыныстарыңызға сүйенерміз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы жастарға ғибратты сөзін арнады.

– Біз қазір бәріміз бір ел болып Әділетті, Таза әрі Қауіпсіз Қазақстанды құрып жатырмыз. Бұл – жай саяси науқан емес. Бұл – мемлекеттілігімізді нығайту деген

сөз. Осы ауқымды жұмысты жастарымыз үшін бастадық. Енді оны міндетті түрде орындауымыз қажет. Оның бар игілігін, ең алдымен, өскелең ұрпақ, яғни, Сіздер көресіздер! Мен еліміздің жастарына зор сенім арттамын. Қазақстан жастары көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр, дарынды, еңбеккор азаматтар деп үнемі айтып жүремін. Ұл-қыздарымыз еркін адал азамат деген атқа сай болсын деп тілеймін. Ең алдымен Отанға, елімізге адал болыңыздар. Сіздер халқымызды жер жүзіне зияткер ұлт ретінде танытып жүрісіздер. Әрдайым ізденіс пен еңбек жолында болыңыздар. Өскелең ұрпақ Сіздерге – талантты жастарға қарап бой түзейді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы халықаралық жарыстарда топ жарып, алтын, күміс және қола медаль иеленген жастарға 1500, 1000 және 500 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қаржылай сыйақы сертификаттарын салтанатты түрде табыстады.

akorda.kz

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ІРІ ЖОБА – ІЛГЕРІЛЕУ КЕПІЛІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенатының депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов және жауапты сала басшыларымен бірге 11 мың орындық стадионның құрылыс алаңына барды.



Жаңа стадион жанында 1000 орындық автотұрақ алаңы, 40 орындық VIP автотұрақ бар. Ғимараттың батыс секторында спортшылардың жаттығу алаңы, жуыну аймағы және киім ауыстыруға, төрешілер мен жаттықтырушыларға арналған, емдік массаж бөлмелері қарастырылған. Медпункт, допингтік бақылау бөлмесі, комментатор кабиналары, конференц зал орналасқан. Ал шығыс секторында ауыр атлетика, бокс, гимнастика және акробатика, күрес, жаттығу залдары, қыздырыну бөлмесі бар.

Сондай-ақ жанкүйерлерге арналған санитарлық, тамақтану және демалыс аймақтары, кафетерий, VIP-аймақтармен және VIP-кабинеттермен қамтылған. 4 автобуска арналған автотұрағы, жылу қазандығы, қорыс төтетін орын және резервуармен жабдықталған. Газон төселген стандартты өлшемдегі футбол алаңы бар. Сондай-ақ мұнда балалар мен жастар үшін түрлі спорт секциялары жұмыс істейді. Стадион қыркүйек айында пайдалануға беріледі.

Одан кейін аймақ басшысы өңірдегі электр және жылу энергиясының тапшылығын шешу мақсатында Мемлекет басшысының тапсырмасымен салынған жаңа жылу-электр орталығының құрылыс барысымен таныс-

ты. Инвестор «Акса энерджи» түрік компаниясы орталық құрылысына 137 млрд теңгеден астам инвестиция салды.

Жоба аясында 2 газ-турбиналық қондырғы, 95 МВт-тық бу турбинасы, 2 бу, 4 жылу қазандығы салынады. Бүгінде құрылыстың 70 пайызға жуығы біткен.

Бұдан бөлек, бюджет есебінен 15 млрд теңгеге орталыққа дейінгі 45 шақырым газ құбыры, автоматтандырылған газ тарату станциясы салынды. Құрылыс алаңында 1200-ден астам адам және 130 арнайы техника жұмыс істеуде. Жұмысшылардың негізгі бөлігі жергілікті тұрғындар.

Станцияны осы жылдың 4 тоқсанында іске қосу жоспарланған. Бірінші кезекте 1 газ-турбиналық қондырғы мен 2 жылу қазандығы, 2026 жылы қалған қондырғылар қосылады.

Жаңа станция облыстың электр энергиясына деген қажеттілігін толығымен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, өңірдің энергетикалық әлеуетін едәуір күшейтіп, ұзақ мерзімді тұрақты дамуына негіз қалайды.

Облыс әкімі бұл жобалардың аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды рөл атқаратынын айтып, сапаға баса мән беруді тапсырды.



АБАЙ МҰРАСЫ – АЛТЫН ҚАЗЫНА

жаңаша түсініп, өмірде жүзеге асыруға жаңа мүмкіндік деп қабылдаймыз, – деді Мәулен Әшімбаев.

Абай облысының әкімі Берік Уәли де жиналған жұртшылықты мерейтоймен құттықтап, мерекелік шаралардың ел игілігіне қызмет ететін жобалармен толыққанын жеткізді.

Өңірлік коммуникациялар қызметі мәлімдегендей, сыр-бойылық делегация да Жидебай ауылына барды. Абай ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, кесенесіне тағзым етті. Делегация мүшелері сондай-ақ ақынның өмір сүрген үйін аралап, бүгінде музейге айналған тарихи орынмен танысты. Мұнда олар Абайдың жеке қолданған бұйымдарын, қолжазбаларын, шығармашылық мұрасын айғақтайтын жәдігерлерді көріп, ұлы ойшылдың өмір жолына терең бойлады.

Осы күні Абай ауданының орталығы – Қарауыл ауылында мерекелік концерт өтті. Онда көпшілік назарына «Бала Абайдан – дана Абайға» атты театрландырылған тарихи қойылым мен мерекелік бағдарлама ұсынылды. Сондай-ақ еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған өңірлік музейлердің экспонаттары қойылған ар-

найы көрмемен танысуға мүмкіндік алды. Шара барысында Қызылорда облысының музейі де өз қорындағы құнды жәдігерлерін ұсынып, Сыр өңірінің тарихы мен мәдениетін таныстырды. Көрме қонақтары аймақтың бай мұрасын паш ететін қолөнер бұйымдары, тұрмыстық заттар және тарихи суреттермен жақыннан танысты. «Қарауылтөбеде» Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай ұйымдастырылған қазақ күресінен республикалық ашық турнир осы күні қорытындыланды. Түйе балуан мен өгіз балуандар сайысына 40-тан астам спортшы қатысып, үздіктер марапатталды. Мерейтой аясындағы онкүндік кешкілік республикаға танымал өнер жұлдыздарының «Желсіз түнде жарық ай» атты гала-концертіне ұласты.

Бұл мерейтой ақынның ғана емес, тұтас қазақ халқының рухани көсемін ұлықтауға бағытталғаны белгілі. Осылайша хакім Абайдың мұрасын жаңғыртып, өскелең ұрпақтың санасына сіңіруге тағы да жол ашылды.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

КЕМЕҢГЕР РУХЫНА ТАҒЗЫМ



Биыл ұлы ақын, философ, ағартушы Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл. Осыған орай еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі мәдени және рухани шаралар ұйымдастырылуда.

Сол игі дәстүрге сай Сыр өңірінде де тағлымды іс-шара өтті. №2 Абай атындағы үш тілде оқытатын дайындығына арналған мамандандырылған мектепте Абай ескерткішіне гүл шоқтары қойылды. Облыс басшылығы, зиялы қауым өкілдері, ұстаздар, қала тұрғындары мен жастар қатысты.

Гүл шоқтары – облыс әкімінің, облыстық ардагерлер кеңесінің және мектеп ұжымы атынан қойылды. Сондай-ақ ұстаздар мен оқушылар да ұлы ақынға осылай тағзым жасады.

Рәсім барысында ақынның «Көзімнің қарасы» әні орындалып, «Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен» өлеңі оқылды.

Абай – қазақ халқының рухани көшбасшысы, ұлттық сананы қалыптастырған ұлы тұлға. Оның мол мұрасы – адамзатқа ортақ қазына, ұлт мәдениеті мен әдебиетінің алтын арқауы. Абай шығармалары – ел бірлігі мен руханияттың берік тірегі. Бұл іс-шара халқымыздың кемеңгер перзентіне деген шексіз құрметінің, рухани мұрасына деген адалдығының жарқын көрінісі болды.

«СБ» ақпарат

ҚАТЫНАСТЫҢ ҚУАТТЫ КӨЗІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Парламент Сенатының депутаттары Наурызбай Байқадамов және Руслан Рүстемовпен бірге Қызылорда қаласындағы жол құрылысы, жөндеу жұмыстары бойынша бірқатар нысанды көріп шықты.

Алдымен Жанқожа батыр көшесіндегі теміржол өткелінің құрылыс алаңына барды. Өткел қаланың орталық бөлігін Шанхай, Коммунизм, Гагарин шағын аудандарымен қауіпсіз байланыстыруға, көлік қатынасын жақсартуға, қалаішілік жүк және жолаушылар тасымалын арттыруға, азық-түлік айналымын ұлғайту арқылы өңір экономикасының тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Құрылыстың жалпы құны – 4 650,9 млн теңге. Бас мердігер – «СМК Аманат», техникалық қадағалаушы – «МСК Инжиниринг», авторлық қадағалаушы – «Инженерный Центр Алматы».

Қазіргі таңда айналма теміржолдар салынып, инженерлік желілердің орны ауыстырылуда. Сонымен қатар, 940 тонна арматура жеткізіліп, свай қарқастарын тоқу, тіреу қабырғаларына арматура орнату және бетондау жұмыстары жүргізілуде.

Мұнан әрі облыс әкімі «Қызылорда-Құмкөл» бағытындағы 9,76 шақырымдық автожолдың орташа жөндеу жұмыстарымен танысты. Жобаның жалпы құны 2 483,9 млн теңге, мердігер «Дорстрой», техникалық қадағалаушы «АрхиДизайнСтройИнжиниринг» серіктестіктері. Өткен жылы 1 желтоқсанда басталған жұмыс осы жылғы 30 қыркүйекте аяқталмақ.

Бүгінде ресайклинг әдісімен 7,4 шақырым, ірі түйіршікті асфальтпен 6,5 шақырым, мастикалық асфальтбетонмен 4 шақырым жол жабындысы төселді.

Келесі нысан «Қызылорда-Құмкөл» автожолының жол-айрығы болды. Мұндағы күрделі жөндеу жұмыстарының жалпы құны 1,4 млрд теңгеге бағаланған. Мердігер – «Қыран» ЖШС. Қазіргі таңда көпірдің 5 кіреберіс қанаты асфальтталды, негізгі үстіңгі бөлігіне қиыршық тас, 800 метріне асфальт төселді.

Сондай-ақ аймақ басшысы Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылның жалғасы ретінде жасалып жатқан жол құрылысын көрді. Мұнда Сырдария өзенінің қорғаныс бөгетін нығайту және Әбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейінгі 2,9 шақырым жол құрылысы назарға алынды. Жоба құны – 5,3 млрд теңге. 4 жолақты автожолмен қатар, ені 6 метр жаяу жүргіншілер және велосипед жолы салынып, дария жағасы жанданатын болады. Құрылысты «УАД» ЖШС жүргізуде.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ДЕПУТАТТАР ҚҰРЫЛЫС БАСЫНДА

Сенат депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, жауапты басқарма басшылары және облыстық маслихат депутаттары сол жағалаудағы көпбейінді аурухананың және «Қызылорда Арена» спорт кешенінің құрылыс барысын көрді.

Бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы бар, 300 төсектік аурухана құрылысы республикалық бюджет есебінен қаржыландырылған. Бас мердігер «Мелиоратор», бас жобалаушы «ALTYN строй-проект», техникалық қадағалаушы «АДС САПА» серіктестіктері.

Нысан 3, 5, 7 және 9 қабатты блоктардан тұрады. Жалпы жер аумағы 6,8 гектар, ғимараттың жалпы ауданы 57 333,7 шаршы метр. Құрылыс жұмыстары 2023 жылдың наурыз айында басталды, 2026 жылы аяқтау қажет. Қазір монолит плиталары құйылып, кірпіші қалануда.

«Қызылорда Арена» спорт кешені облыстық бюджет есебінен салынууда. Бас мердігер «ASPAN HOLDING», жобалаушы «Жоба», техникалық қадағалаушы «Строй-Проф» серіктестіктері.

Кешен 3 және 4 қабатты блоктардан тұрады. Жалпы жер көлемі 2,1 гектар, ғимараттың жалпы ауданы 25 540,67 шаршы метр. Құрылыс жұмыстары 2025 жылдың шілдесінде басталып, 2027 жылы аяқталады. Жаңа кешен өңірдің спорт инфрақұрылымын, бұқаралық спортты дамытуға, халықаралық деңгейдегі жарыстарды өткізуге мүмкіндік береді.



Кәсіпке бетбұрыс

Кентте 464 шағын кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Оның 460-сы нақты жұмыс жасап тұр. Биылдың өзінде 79 кәсіпкерлік субъектісі тіркеліп, 81 тұрақты жұмыс орны ашылды. Мемлекеттік бағдарламалар да тұрғындардың кәсіп бастауына үлкен серпін беріп отыр. Бірінші жартыжылдықта «Бизнес-Бастау» бағдарламасы аясында 13 тұрғын оқу курсы аяқтап, 6 тұрғын 9,4 млн теңге қайтарымсыз грант иеленді. Одан бөлек 154,7 млн теңгені құрайтын 7 жоба қаржыландырылды. Ал «Байқоңыр ӘКК» АҚ арқылы «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 3 жоба қаржыландырылса, «Іскер» бағдарламасы аясында «Ағарлық несие корпорациясы» АҚ арқылы бір кәсіпкердің жобасы қолдауға ие болды.

Қаржыға не болған кәсіпкерлер Несібелі Маханова, Нұржан Белгібаев, Нұрбол Нұрымбетов, Қанат Ержанов асыл тұқымды ірі қара мен ұсақ мал өсіріп, кәсіптерін жандандырмақ.

— Қазір кәсіп бастаймын деген адамға мүмкіндік мол. Әсіресе, мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау орасан. Мен де осы қолдауды тиімді пайдаланып, мал басын арттыру үшін жеңілдетілген несие алдым. Енді сол бастаманы сәтті жалғастырып, өз кәсібімді өркендетіп, ауыл шаруашылығын дамытуға үлес қосуды көздеп отырмын, — дейді кәсіпкер Несібелі Маханова.

Кенттегі кәсіпкерліктің дамуы көңіл қуантады. Бұл — халықтың тынымсыз енебегі мен мемлекеттің қолдауының нәтижесі.

— Кәсіпкерлерге көрсетіліп жатқан қолдау өз жемісін беруде. Кент үшін бұл үлкен жетістік деп білемін. Қазіргі таңда «Микробизнес-Қызылорда» бағдарламасы шеңберінде «Өңірлік инвестициялық орталық» микроқаржы ұйымы арқылы жеке кәсіпкер Аяулым Алдашова ауыр жүк көлігі техникасын сатып алу жобасы бойынша 9,3 млн теңгеге қол жеткізді. Сонымен қатар, «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жобаны аясында екінші деңгейлі банктер арқылы жалпы сомасы 114,6 млн теңгені құрайтын 2 жоба қолдау тауып отыр. Бұл жобалар жүзеге асқанда кенттегі кәсіпкерлік кеңейіп, экономикалық әлеует арта түсері сөзсіз, — дейді кент әкімі Жасұлан Сәду.

Білім мен денсаулық — басты назарда

Белкөл кентінде білім беру және денсаулық сақтау салалары бойынша да жүйелі жұмыстар атқарылуда. Мәселен,

«БЕЛКӨЛДІҢ» жаңа белесі

Екі мыңнан астам тұрғыны бар «Белкөл» кенті жыл санап жаңаша күйге еніп келеді. Инфрақұрылым дамып, экономикалық әрі әлеуметтік сала тұрақты түрде ілгерілеуде. Кәсіпкерлік өріс алып, білім мен мәдениет салалары да жаңаша серпінмен дамуда. Барлық салада жүйелілік бар. Мұны кентке аяқ басқан сәттен-ақ сезінуге болады. Кең көшелер, жаңа нысандар мен келбетті ғимараттар кенттің бүгінгі тыныс-тіршілігін паш етеді.



кентке қарасты екі мектеп — №189 және №145 орта мектептері жұмыс істейді. Оларда 879 оқушы бар. Сондай-ақ, бір мемлекеттік балабақша бар. Мұнда 160 бүлдіршін тәрбиеленуде. Балабақша ғимараты 2020 жылы «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламасы аясында күрделі жөндеуден өтіп, қазіргі заман талабына сай жабдықталған.

Халық денсаулығын сақтау бағытында да ауқымды жобалар жүзеге асуда. 2020 жылы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында заманауи дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілді. Бұл нысан теміржол ауруханасының құрамына кіреді. Амбулаторияда 8 орындық күндізгі стационар қарастырылған. Ал кентке қарасты «Бірқазан» елді ме-

кенінде 2018 жылы жаңа медициналық бекет ашылып, халыққа қызмет көрсетіп келеді. Бұл мекеме заманауи талаптарға сай жабдықталып, ауыл тұрғындарының алғашқы медициналық көмекке қолжетімділігін айтарлықтай арттырды.

Инфрақұрылым игілігі

Өткен жылы мұнда бірқатар көше жаңарып, тұрғындарға қолайлы орта жасалған болатын. Атап айтқанда, К.Әбдіқадыров көшесінде ұзындығы 1,9 шақырымды құрайтын жаяу жүргіншілер жолы салынды. Жоба құны — 62,3 млн теңге. Сонымен қатар, Бірлік, Путьцев, К.Әбдіқадыров 4 және 6

көшелеріне түнгі жарық шамдары орнатылды. Мұндай жұмыстар «Бірқазан» елді мекеніндегі орталық көшеде де жүргізіліп, жарықтандыру жүйесіне 11,6 млн теңге қаражат жұмсалды.

Тұрғындардың қауіпсіздігі мен өмір сапасын арттыру мақсатында, Бірлік көшесінде заманауи балалар ойын алаңы салынып, ел игілігіне пайдалануға берілді.

— Электр жүйелерін жаңарту — басты басымдықтарының бірі.

Быттыр осы бағытта Жерұйық, Сарыарқа, Бірлік көшелерінде тозығы жеткен желілерді алмастыру жұмыстары жүргізіліп, жаңа электр желілері тартылды. Сонымен бірге, ұзындығы 21 шақырымды қамтитын 12 көшеге арналған желі құрылысын жүргізу үшін жоба-сметалық құжаттар әзірленді. Ал биыл Жерұйық, Путьцев түйігі, Әбдіқадыров №1, 2, 9, Әбдіқадыров түйігі және «Бірқазан» елді мекеніндегі Көкжиде көшелерінде түнгі жарық шамдарын орнату жұмыстары басталды. Мұнан бөлек биыл №1, 11 және 12 көпқабатты тұрғын үйлердің шатырлары жөнделіп, олардың ауаларын абаттандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде, — дейді кент әкімі.

Жол-көлік инфрақұрылымын жақсарту бағытында да бірқатар шаралар қолға алынған. Мәселен, Жерұйық, Путьцев түйігі, Әбдіқадыров 6, 4, 2, 9, Әбдіқадыров түйігі және Әбдіқадыров 5 көшелеріне асфальт төселуде. Сондай-ақ, «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» халықаралық дәлізі бойында орналасқан «Лиза» зиратының қоршауы толықтай аяқталып, абаттандырылды.

Десе де, «Белкөл» кентінде шешімін күткен мәселе де жоқ емес. Солардың ішінде халық үшін аса өзекті саналатыны аяқсу тапшылығы мен мәдениет үйінің болмауы.

— Кенттің орталық көшесіне аяқсу тарту мәселесі өзекті күйінде қалып отыр. Бұл мәселені шешу мақсатында 254,9 млн теңгеге жоба-сметалық құжаттар әзірленіп, қайта жаңғырту жұмыстары жоспарлануда. Ал клуб ғимаратын салуға жер телімі белгіленіп, жоба-сметалық құжаттамасы әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. 604 млн теңге көлеміндегі бюджеттік өтінімді мүлтіксіз құрылыс басқармасы арқылы облыстық экономика және қаржы басқармасына ұсындық. Бұл бастамалар жүзеге асса, тұрғындардың тұрмыс сапасын арттырып қана қоймай, кенттің әлеуметтік-мәдени әлеуетін де көтеретін маңызды қадам болмақ, — дейді Жасұлан Сәду.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»



МЕРЕЙ

«МАҚПАЛКӨЛДІҢ» АСПАНЫН ЖЫР ТОЛҚЫТТЫ



Суреттерді түсірген Нұрболан Гүрсойбаев

Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Жұп-жұмыр тегіс келсін, айналасы, — деп Абай ақын айтқандай, шығармашылық дейтін шытырман әлемде шынайы өмір қалпын сөз арқылы суреттеп, адами құндылықты ардақ тұтып, ақындықтың ауыр жүгін аркалап жүрген Сыр аруларының бірі — Гауһар Қожахметова. Биыл 60 жасқа толған ақынның «Мақпалкөлдiң аспаны» атты алғашқы кітабы жарыққа шықты.

Өмір жолына тоқталсақ, Гауһардың әкесі Асқарбай Қожахметов ҰОС майдангері, ақын. Шығармалары өңірдің жыр-термешілерінің репертуарында орындалып жүр. Алғашқы еңбек жолын ұстаздықтан бастаған Гауһар Асқарқызы көп жылдан бері өңірдің журналистика саласында абыройлы қызмет атқарып келеді. Бүгінде қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің тілшісі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ҚР Ақпарат саласының үздігі.

Ақынның алғашқы жыр жинағының тұсаукесері өзінің туған жері — бұрынғы «Мақпалкөл», қазіргі Т.Жүргенов атындағы ауылда өтті. Рухани танымдық кешке ауыл тұрғындары, ардагерлер, кеш иесінің әріптестері, ағайын-туыс, дос-жарандары қатысты.

Бұл ауылдан Әбдіқарим Оңалбаев, Қомшабай Сүйеніш, Асқарбай Қожахметов, Мах-

мұтбай Әміре сынды ақындар шыққан.

Салтанатты жиында Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов облыс және аудан әкімінің құттықтау хаттарын табыс етті. Сонымен қатар, облыстық мәслихат депутаты Әмірбек Шаймағамбетов, «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Марат Аралбаев, серіктестік ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжәлі Ерімбет, «Ақмешіт апталығы» газетінің бас редакторы Гүлмира Ділдабекова құттықтау лебіздерін білдіріп, қаламгерге сый-құрмет көрсетті.

Кеш иесіне Мәскеу қаласынан академик Мұрсал-Нәби Тұяқбаев, Алматы қаласынан ауылдасы, замандасы, белгілі қаламгер, ақын, республикалық «Таң-Шолпан» журналының бас редакторы Нұрлыбек Саматұлы бейне үндеу арқылы байланысқа шығып, ізгі тілектерін жеткізді.

Айта кетейік, кітабының аты айтып тұрғандай, Гауһар Қожахметованың шығармашылық туындыларының бағым болып туған жерге деген сағыныштан тұрады. Бүгінге дейін бірнеше өлеңдері өңге айналған. Сол кеште ақынның сыршыл сезімге толы жырлары оқылып, әндері шырылдады.

Кеш барысында тұсауы кесілген жана кітап оқырманға жол тартты. Бір сөзбен айтқанда, «Мақпалкөлдiң» аспанын жыр толқытып, ән тербеді.

Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

ФУТБОЛ

«ҚАЙСАР» ҚАЙСАРЛЫҚ ТАНЫТУДА

Биыл қызылордалық «Қайсар» тек қазақстандық футболшыларға сенім артады дегенде жанкүйерлер сан түрлі пікір айтты. Өйткені отыз жылдан астам уақыттан бері ел біріншілігінде ешбір команда мұндай қадамға барған емес. Әйтсе де, алғашқы болып Қызылорда облысының басшылығы тәуекелге бел буды. Сондай-ақ биылғы жылдан бастап қазына қазанынан легионерлерге жалақы төлеуге тыйым салынды. Бұл қазақстандық клубтардың ендігі кезекте ел біріншілігінде негізінен отандық футболшыларға сенім артуына жол ашты. Облыс әкімдігінің қолдауымен «Қайсар» мұндай жаңа бастамаға ертерек қамданып қойды. Қазір сол жоспардың дұрыстығына көзіміз айқын жете бастады.

Ресейлік маман Виктор Кумыков қызылордалық клубтың тізгінін ұстағанына екі жылдың жүзі аулды. Сол уақыттан бері команда сауатты ойын көрсетіп жүр. Жерлестеріміз еліміздің беделді клубтарымен терезесі тең ойнап, кейбірінде оларды қапы қалдырып кетті. Дәл осындай нәтиже жексенбіде өз алаңында өткен «Ордабасымен» ойында да тіркелді. Шымкенттік футболшылар жылма-жыл ел біріншілігінде үздіктер қатарынан көрініп, еурокубок ойындарында ел намысын қорғайды. Оған қоса құрамына шеберлігі шыңдалған шетелдік және қазақстандық ойыншыларды тартты. Тағы бір айта кетерлігі,



алғашқы айналымда «Қайсар» қарсыласынан жеңіліп қалған еді. Ендеше, қызылордалық футболшылар сол кеткен есесін қайтаруға күш салатыны анық еді.

Алғашқы минуттан алаң иелері алға қарай лап қойды. Дегенмен оған «Ордабасы» командасы лайықты деңгейде тойтарыс берді. Өрине, мұндай сәтте қызылордалық футбол-

шылар да сыр берген жоқ. Шабуыл шебінде көбірек бой көрсетіп, гол соғатын мүмкіндікті іздеді. Олардың екпініне төтеп бере алмаған шымкенттік қорғаушылар өзінің айып алаңында «Қайсар» ойыншыларына қарсы дөрекі қимыл көрсетті. Осындай сәттің бірінде «Ордабасы» қақпасына пенальти белгіленген еді. Оны шабуылшы Айбар Жақсылықов қақпаға дарыта алған жоқ. Арada алты минут өткенде тағы да белгіленген он бір метрлік айып добын Айбар Мүліксіз орындады.

Екінші кезеңде қарсыластар таразы басын теңестіруге ұмтылды. Десе де оған қарсы қызылордалық қорғаушылар сауатты ойнай білді. Соған қарамастан 76-минутта «Ордабасы» сапынан Николла Антич Нұрымжан Салайдин қорғаған қақпадан саңылау тауып кетті. Осылайша кездесу 1:1 есебімен тең аяқталды.

Матч барысында қызылордалық жанкүйерлер трансферлік кезеңде қатарға қосылған Ерсултан Қалдыбеков, Димаш Серікұлы секілді жаңадан қосылған футболшылардың шеберлігіне тәнті болды. Олар сауатты ойнай білді.

Биылғы футбол маусымы мәресіне жақындап келеді. Енді әрбір команда үшін небәрі 6-7 ойын қалды. Қазір үздіктер қатарынан орын алатын клубтар айқындалып келеді. Сондай-ақ Премьер-лигадан түсіп қалу қаупі

туындап тұрған командалар да бар. Қызылордалық футболшылар жыл басында «Қайсар» барлық қарсыласынан жеңілістің ашы дәмін татып, бірінші лигаға ұшып кетуі мүмкін» деп сәуегейлік танытқандардың пікірін теріске шығарды. Тағы бір мамандар болжаған «Қазақстанда легионерсіз футболдың дамуы мүмкін емес» деген пікірдің де дұрыс еместігіне көпшіліктің көзін жеткізді. Қазақстандық жас таланттардың жарқырай көрінуіне жол ашқан «Қайсардың» жоспары мен мақсаты айқын. Қазірдің өзінде бұл жобаның тиімділігіне жанкүйерлердің көзі жете бастады.

Қазақстандық ойыншылардан құралған «Қайсар» қаржылық қуаты жоғары «Астана», «Қайрат», «Тобыл» секілді командалардан өз алаңында ұпай бөлісті. Осының өзі жоғары бағалауға тұраулы.

Енді жерлестеріміз жеті ойын өткізеді. Оның екеуі өз алаңында өтсе, қалғанында қарсыластарына қонаққа барады. Сол ойындарды ұпай қорын молайта түсетіні анық. Сондықтан алдағы уақытта команда турнир кестесіндегі жағдайын жақсартып, жанкүйер үмітін толық ақтайды деген сенімдіміз.

Әділжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі — тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары — 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы — 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат — 40-11-10 (1039, 1040)
экономика — 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат — 40-11-10 (1034)
жарнама — 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап — 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар — 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 22052

Тапсырыс №1317

Кезекші редактор Айнуір БАТТАЛОВА